

ТЕМІР ЖОЛ – АСА ҚАУІПТІ АЙМАҚ ДЕГЕН ЖАЙ ҒАНА ЖАТТАНДЫ СӨЗГЕ АЙНАЛМАУ КЕРЕК. ОСЫНАУ ҚАУІП-ҚАТЕРЛІ АЙМАҚТА ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ ЕРЕЖЕСІ ТОЛЫҚ САҚТАЛЫП, ТӘРТІП ПЕН ТАЛАП, ЖОҒАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК СЕЗІМІ ҮСТЕМДІК ҚҰРҒАН ЖАҒДАЙДА ҒАНА МАҚСАТҚА ЖЕТУГЕ БОЛАДЫ. БІЗ ЖОЛ БҮЛІНСЕ, ТЕПЛОВОЗ СЫНСА, БҮТІНДЕЙМІЗ, ЖӨНДЕЙМІЗ, АЛ АДАМ ӨМІРІН ЕШТЕМЕҢ ҚАЙТАРА АЛМАЙМЫЗ. СОНДЫҚТАН ТЕМІРЖОЛ БОЙЫНДАҒЫ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ ТАЛАП ЕТЕДІ.

Асан ҮМБЕТОВ,  
«ҚТЖ-ЖТ» ЖШС бас директоры



№14 (3161)  
24/02/2026

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ  
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

## KAZLOGISTICS: ЖҰМЫС ҚОРЫТЫНДЫЛАНЫП, ЖОСПАР САРАЛАНДЫ

Өткен аптада «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағының жалпы жиыны өтті. Күн тәртібінде Одақтың 2025 жылғы жұмысы қорытындыланып, 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді. Сонымен қатар жұмыс тобының басшылары өз салалары бойынша проблемалық мәселелерді қозғап, 2026 жылы қызметтерді жетілдіруге қатысты ұсыныстарын жеткізді.

Сұлугүл БАКЕСОВА,  
Астана

Бірінші болып сөз алған «KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағының төрағасы Талғат Алдыбергенов ұлттық теміржол компаниясының 2025 жылғы қызметінің қорытындыларына қысқаша тоқталып өтті. Тарифтік жүк айналымы 10%-ға өсіп, 289 млрд тонна-километрге жеткені, ал тасымалдардың жалпы көлемі 5,5%-ға, яғни 320 млн тоннаға дейін ұлғайғаны атап өтілді. Экспорттық тасымалдар 89 млн тоннадан асып жығылса, транзит 20% өсіп, 33 млн тоннаны құрағаны және де бұл Қазақстанның негізгі транзиттік хаб ретіндегі рөлінің күшейе түскенін растап отырғаны айтылды. ҚТЖ өткен жылы инфрақұрылымды белсенді дамытуды жалғастырып, Достық – Мойынты учаскесіндегі екінші жолдар құрылысы аяқталып, пайдалануға берілгені белгілі. Міне, осы жолдар арқылы 6 млн тоннаға жуық жүк немесе 100 мыңнан астам вагон тасымалданған. Сондай-ақ Алматы станциясының теміржол торабының айналма желісі бойынша жұмыс қозғалысы ашылды. Жалпы, құрылыс және жаңғырту жұмыстары 3 900 км теміржол желісін қамтып, бұл желінің өткізу қабілеті мен тұрақтылығын арттыруға бағытталғаны тілге тиек етілді. Келелі кеңесте одақтың өткен жылғы жұмыс қорытындысы туралы



«KAZLOGISTICS» Қазақстан көлікшілер одағының бас директоры Қанат Әлмағамбетов баяндады.

– 2025 жыл біздің Одақ үшін отандық бизнестің мүдделерін белсенді қорғау және Қазақстанның негізгі логистикалық хаб ретіндегі халықаралық мәртебесін нығайту кезеңі болды. Көлік секторы қызметтерінің көлемі 20,4% артып, рекордтық өсімді көрсетті. Жүк тасымалы көлемі 7%-ға өсті. Бұл ел экономикасын дамытудың басты драйвері ретінде көліктің мәртебесін растайды. Көліктің барлық салаларында өкімшілік кедергілерді азайту және заңнаманы жетілдіру бойынша іс-шаралар жүзеге асырылды, – деп атап өтті Қанат Әлмағамбетов.

Оның айтуынша, өткен жылы теміржол

көлігі бойынша жұмыс топтарының отырыстары министрлікте, ҚТЖ-да бірнеше мәрте өткізіліп, проблемалардың бір бөлігі шешілгенімен, биыл да шешімін табуды талап ететін мәселелер жеткілікті екен. Осыған орай, Көлік министрінің келісімі бойынша шешім қабылдау үшін мәселелерді қарау мәртебесі мен деңгейін көтеру мақсатында көлік салалары бойынша вице-министрлердің басшылығымен жұмыс топтарын құру жоспарланып отырғаны мәлім болды.

– Мемлекет бизнесті және бизнес мемлекетті ести алатындай бірлескен жұмыс жүргізіп, диалог құра алған кезде ғана біздің көлік мүмкіндіктерімізді толыққанды іске асырып, көлік саласын дамытуда туындайтын кедергілерді

жоя алатынымызға сенімдіміз, – деді Қанат Әлмағамбетов.

Өткен жылы іске асқан игілікті іс-шаралардың қатарында Қазлогистикс электронды кітапханасының құрылуы аяқталған, ол 2015 жылдан бастап жүргізілген барлық зерттеулерді қамтыған және Одақ мүшелері үшін тегін 300-ден астам дерек көздерінен көлік және логистика бойынша өзекті ақпарат орналастырылады. Сонымен қатар «Сатмар» бағдарламасы жасалып біткен. Онда бизнестің жылдам әрі тиімді жұмыс істеуіне көмектесетін негізгі аналитикалық және статистикалық мәліметтер жинақталған. Бұдан кейін Одақтың бас директоры 2026 жылға межелеп отырған іс-шаралар жоспарымен бөлісті.

– Басым бағыттардың бірі уәкілетті органмен, «Атамекен» ҚР ҰКП, ҚТЖ және басқа да нарық субъектілерімен көлік саласы мен логистиканы дамытудың барлық негізгі бағыттары бойынша өзара іс-қимылды күшейту болмақ. Одақ мүшелерімен және көлік саласы кадрларын даярлауды, сондай-ақ ғылым мен зерттеулерді дамытудың барлық процестерімен жұмыс істеуге, қала берді саланы дамытудағы кедергілерді жоюды жеделдетуде цифрландыру мен ЖИ-ді қолдануға баса назар аударуды жоспарлап отырмыз, – деп түйіндеді сөзін Қанат Әлмағамбетов.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

## ИЗ КЫЗЫЛОРДЫ В АНТВЕРПЕН



KTZ Express успешно осуществила пилотную экспортную поставку казахстанского дробленого риса в порт Антверпен, задействовав потенциал ТМТМ. Ориентировочная продолжительность транзита составляет порядка 30 суток.

Логистическая цепочка была выстроена по направлению из Кызылорды через порты Актау и Потти до конечного пункта в Бельгии с последовательным использованием различных видов сообщения.

Примечательно, что транспортровка на морском участке между грузинским портом Потти и европейским портом Антверпен была реализована в партнерстве с ведущей международной судоходной группой CMA CGM Group. До реализации этого проекта доставка грузов в данном направлении осуществлялась преимущественно по сухопутному Северному коридору через пограничный переход Семиглавый Мар с дальнейшим следованием через Брест и Дуйсбург.

Переход на использование инфраструктуры ТМТМ позволил существенно оптимизировать логистические процессы, так как стоимость перевозки по новому маршруту оказалась ниже в сравнении с традиционным сухопутным путем при сопоставимых сроках транзита, которые составляют порядка 30 суток.

Жаныбек КЕНЕС

## ЖАҢҒЫРТУ ЖАЛҒАСУДА



Мемлекет басшысының еліміздің көлік-транзиттік әлеуетін дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау шеңберінде негізгі инфрақұрылымдық тораптарды жүйелі жаңғырту жұмыстары жалғасуда.

Еліміздің транзиттік әлеуетін арттыруда ерекше рөл атқаратын Қытаймен шекаралас Алтынкөл станциясы мен Қорғас шекаралық өткелі бірінші теміржол-шекаралық кешенді құрайды және халықаралық көлік дәлізінің маңызды буыны болып табылады.

Шекаралық бекетте қазіргі уақытта ауқымды жаңғырту бағдарламасы іске асырылуда. Алтынкөл – Жетіген учаскесінде жалпы ұзындығы 32 шақырымды құрайтын екі аралықта екінші жолдардың құрылысы жалғасуда, сондай-ақ 5 жаңа және 8 қолданыстағы айырықты дамыту жұмыстары жүргізілуде. Бұл желінің өткізу қабілетін тәулігіне 18 жүп пойыздан 33 жүп пойызға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Өткен аптада Көлік министрінің Теміржол және су көлігі комитетінің төрағасы Нуржан Келбұғанов жұмыс сапары аясында станциядағы жобалардың іске асырылу барысымен танысты. Жобаларды аяқтау 2026 жылға жоспарланған. Оларды іске асыру Қазақстанның Еуропа мен Азия арасындағы транзиттік көпір ретіндегі стратегиялық рөлін күшейтіп, ұлттық көлік-логистика жүйесінің тиімділігін арттырады.

Ислам ТАЛІФАТ

## Актуально

### ОТКРЫТЫЙ РАЗГОВОР О ГЛАВНОМ

Вновь назначенный директор департамента безопасности движения поездов АО «НК «ҚТЖ» Руслан Давлетов совершил ознакомительную поездку по Карагандинской области.

Светлана МОГАЙ,  
Караганда

Вместе с главным ревизором департамента безопасности движения по Карагандинскому участку Булатбеком Альмураевым, он посетил ключевые узлы и линейные предприятия региона.

Маршрут рабочей поездки охватил станции и участки от станций Анар до Караганда-Сортировочная. Сначала представитель департамента выехал из Караганды в Балхаш, где на месте ознакомились с состоянием инфраструктуры. Далее инспекционная работа продолжилась на Акадырском участке – с посещением линейных предприятий и организаций, расположенных на данном направлении.

– В ходе встреч с коллективами поднимались актуальные вопросы обеспечения безопасности движения. Особое внимание было уделено трагическим случаям на путях среди железнодорожников. Обсуждались меры по недопущению подобных происшествий, алгоритмы действий в нестандартных ситуациях, вопросы скоростного режима, случаи наездов на



скот, – рассказал Булатбек Альмураев.

Дежурные дистанции пути докладывали о порядке введения и снятия ограничений движения, взаимодействии служб при закрытиях, контроле завершения работ и полноте отражения нарушений в актах служебных расследований, в том числе по случаю гибели четырех монтеров пути. Сотрудники локомотивных депо затронули тему предотвращения инцидентов, связанных с неисправностями подвижного состава: порядок оповещения и ответственность служб.

Одним из наиболее актуальных вопросов стала водоборьба в связи с резким потеплением в регионе. В течение нескольких дней наблюдалось интенсивное таяние снега, что привело к скоплению воды на

ряде участков. На отдельных искусственных сооружениях зафиксированы протечки. Особое внимание уделяется защите горловин станций от замерзания и подтопления электроприводов стрелочных переводов, остряков и других полевых устройств.

Организованы мероприятия по отводу талых и горных вод, приняты меры по предотвращению размыва земляного полотна и защите близлежащих населенных пунктов. На местах дислоцированы противоразмывные поезда для оперативного реагирования на возможные стихийные проявления.

С учетом значительного объема погруочно-разгрузочных работ, протяженности инфраструктуры и реализации новых строительных проектов на участках Мойынты – Саяк и Мойынты – Кызылжар директор департамента посвятил Карагандинскому региону четыре дня. За это время состоялись встречи как с руководителями линейных предприятий, так и с исполнительным персоналом.

Прямой диалог с железнодорожниками прошел на узлах Балхаш, Мойынты, Акадыр, Жезказган, Жанаарка и Караганда-Сортировочная. Рабочая поездка позволила всесторонне оценить текущее состояние дел, обозначить приоритетные задачи и подтвердить главный принцип работы – безопасность движения должна оставаться безусловным приоритетом на каждом участке пути.

Фото автора

## WABTES – СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Премьер-министр Олжас Бектенов Инвестициялық ахуалды жақсарту жөніндегі кеңестің отырысын өткізді. Жиында шетелдік инвесторлармен ынтымақтастықты кеңейту, ұзақ мерзімді капиталды, технологияларды және үздік халықаралық тәжірибелерді тарту, бизнес үшін ашық және болжамды орта қалыптастыру мәселелеріне назар аударылды.

Ұлан ОРАЗ,  
Астана

Қазақстан америкалық «Wabtec Corporation» холдингінің өңірдегі өндірістік серіктестері арасында көлемі бойынша екінші орында тұр. Кәсіпорынның өндірістік қуаты жылына 100 теміржол техникасын құрайды. ҚТЖ-мен әріптестік

шеңберінде локомотивтер мен дизельді қозғалтқыштарды шығаруды одан әрі ұлғайту жоспарлануда. Қазақстанда теміржол инфрақұрылымын дамыту, «осал тұстарды» жою бойынша жүргізіліп жатқан ауқымды жұмыстарды ескере отырып, локомотив паркін жаңарту және өндірістік қуатты кеңейту елдің транзиттік әлеуеті мен өткізу қабілетіне серпін береді.

Кеңесте Wabtec компаниясының ТМД және Моңғолия елдерінде далалық сервистер және техникалық қызмет көрсетуді басқару жөніндегі вице-президент Ғайни Дүйсенова Қазақстан ТМД өңірінде және жаһандық деңгейде Wabtec корпорациясының негізгі серіктес мәртебесін бекіткенін мәлімдеді. Ынтымақтастық жылдары Қазақстанда 700-ден астам

локомотив шығарылған. Бүгінде олар тек Қазақстанда ғана емес, бүкіл Орталық Азияда тасымалдауды қамтамасыз етеді.

– Біздің зауытта Қазақстанда пайдаланылатын локомотивтер паркінің 50%-ның қозғалтқышына күрделі жөндеу жүргізілді. Енді зауытта жаңа дизельді қозғалтқыштар да шығарылатын болады. Осылайша, Қазақстан бүкіл ТМД өңірінде және әлем бойынша Wabtec компаниясының өндіріс бойынша екінші ірі серіктесі болмақ, – деп атап өтті Ғайни Дүйсенова.

Қазақстан көлік инфрақұрылымын жоспарлы түрде жаңарту, соның ішінде «С5+1» бойынша қол жеткізілген уағдаластықтар шеңберінде де жалғастыруда. Ынтымақтастықтың негізгі бағыты – теміржол және авиация салаларындағы ірі жобалар үшін қаржыландыруды тарту.



Айсұлу ЕЛЕУКЕН,

директор департамента управления  
человеческими ресурсами  
Дирекции магистральной сети:

«ДЛЯ НАС ПРАКТИКА – ЭТО НЕ ФОРМАЛЬНОСТЬ, А ПОЛНОЦЕННЫЙ ЭТАП ПОДГОТОВКИ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА. МЫ СТРЕМИМСЯ ДАТЬ СТУДЕНТАМ РЕАЛЬНЫЕ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ НАВЫКИ, ПОГРУЗИТЬ ИХ В КОРПОРАТИВНУЮ КУЛЬТУРУ И ПОКАЗАТЬ МАСШТАБ ЗАДАЧ, КОТОРЫЕ РЕШАЕТ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНАЯ ОТРАСЛЬ КАЗАХСТАНА. ИМЕННО СЕГОДНЯШНИЕ ПРАКТИКАНТЫ ЗАВТРА БУДУТ ОБЕСПЕЧИВАТЬ БЕСПЕРЕБОЙНУЮ РАБОТУ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ»

## ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПО ИТОГАМ 2025 ГОДА ОБЩИЙ ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗОК МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ТАДЖИКИСТАНОМ СОСТАВИЛ

5,9 млн тонн.

В 2026 ГОДУ БОЛЕЕ

1 000

СТУДЕНТОВ ПРОЙДУТ ПРОИЗВОДСТВЕННУЮ ПРАКТИКУ НА ПРЕДПРИЯТИЯХ ДИРЕКЦИИ МАГИСТРАЛЬНОЙ СЕТИ.

ПАВЛОДАРСКИЕ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКИ ВНЕДРИЛИ

28

РАЦИОНАЛИЗАТОРСКИХ ПРЕДЛОЖЕНИЙ.

## ЖОБА АЯҚТАЛУҒА ЖАҚЫН

Ұлан ОРАЗ,  
Астана



**Көлік министрлігі Қызылорда облысындағы теміржол вокзалдарын жаңғырту бойынша жұмыс кеңесін өткізді.**

Отырыста Жалағаш, Жосалы, Тереңөзек, Төретам, Жаңақорған, Шиелі, Арал теңізі, Сексеуіл, Қазалы станцияларындағы вокзалдарды және Талап платформасын реконструкциялау жобалары қаралды. Жаңақорған, Шиелі, Қазалы вокзалдары мен Талап платформасы бойынша құрылыс-монтаж жұмыстары 99%-ға аяқталғаны атап өтілді. Нысандар соңғы кезеңде, аяқтау жұмыстары жүргізілуде.

Кеңес барысында құрылыс жұмыстарының өндірістік кестеге сәйкестігі, орындалатын құрылыс-монтаж іс-шараларының сапасы, сондай-ақ реконструкция кезеңінде жолаушыларға қолайлы қызмет көрсету үшін уақытша инфрақұрылымды ұйымдастыру мәселелері талқыланды. Өңірді жаңғырту бағдарламасына енгізілген барлық вокзал кешендері ағымдағы жылы толық аяқталатыны атап өтілді.

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясына, мердігер және жобалау ұйымдарына жобаларды іске асыру қарқыны мен сапасын қамтамасыз етуге бағытталған тапсырмалар берілді.

## НАЗАР АУДАРУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Ардақ ҮСЕЙНОВА,  
Жамбыл



**Тараз қаласының аумағында бұрын үш бірдей станция болатын. Облыс орталығына жақын аудандарға қарасты елді мекендерді қосып, аумағы кеңейгелі бері Тараз, Талас, Бурылмен бірге Шайқорық станциясы да шаһардың бір бөлігіне айналды.**

Соның ішінде кластан тыс Тараз станциясы аумағы, жұмыс ауқымы жағынан ең ірісі болса, Бурыл қаланың негізгі стратегиялық объектілерін жалғап жатыр. Бурыл станциясында екі күзетілмейтін, бір қызметтік өткел бар. Әсіресе оңтүстік-шығысындағы «Ауыл береке» базарының сыртынан өтетін теміржол учаскесіндегі өткелде автокөлік ағыны өте жоғары. Ал шаһарға келетін азық-түлік және құрылыс заттарының тауар айналымы осы станция арқылы сұрыпалады. Сондықтан бұл жол қозғалысында қауіп-қатер туындауы мүмкін аймақтың бірі саналады.

Бурыл станциясының бастығы Нұрлан Сәкенұлының айтуынша, екінші өткел станцияның маневрлік жұмыстары жүргізілетін негізгі аумақта орналасқан.

Шаһардың бұл аймағында жеке тұрғын үйлер тура шойын жолды қос қапталынан жағалай жақын қоныстанған. Сол маңда 2 орта мектеп пен бір аурухана бар. Мұнда жаяу жүргіншілердің қозғалысы қауырт. Сол себепті станция аумағында профилактикалық іс-шаралар жиі өткізіледі. «Назар аудар, жолда адам!» айлығы басталғалы бері барлық ауысымдағы станция қызметкерлеріне қозғалыс және еңбек қауіпсіздігін сақтау туралы нұсқаулар түсіндірілуде. Апта басында арнайы техникалық сабақ өткізіледі. Тұрғындарды қауіпсіздіктің қатаң талаптарын сақтауға шақыру үшін алдымен теміржолшылар ереже-нұсқауларды жақсы білуі тиіс. Себебі біз екінші санаттағы жүк вагондарын сұрыптау станциясы болғандықтан, айына екі мыңнан аса жүк қабылдаушыға жүктерді сұрыптап тапсырамыз. Маневрлік жұмыстар кезінде 48 кірме жолдағы қауіпсіздік мәселесін бақылауда ұстауымыз керек, – дейді Нұрлан Сәкенұлы.

Бурыл станциясындағы қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты бір мәселе – тұрғындардың рұқсат етілмейтін қызметтік өткелді кесіп өтуінің тыйымдалмауы. Станция мамандары бұған қоғамдық көліктердің соңғы нүктесі осы маңда орналасқаны себеп болып отырғанын алға тартты. Егер автобустар рұқсат етілген өткелге дейін барса, жаяу жүргіншілердің қызметтік өткелді кесіп өтуі азырақ еді дейді.

## ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

**Ақтөбедегі Пойыздар қозғалысын басқару орталығында өткен жиында өңір дамуы мен инфрақұрылымды жаңарту, алдағы жоспарлар нақтыланды. Жиынға Магистральдық желі бөлімшесінің басшылары мен бес өңір бойынша аға диспетчер және мердігер компания өкілдері қатысты.**



Ардақ ЕРУБАЕВА,  
Ақтөбе

Цифрлық трансформация аясында іске қосылған торап аумағында бес жылда 1094 шақырым жол жаңарған. 2021 жылы РЦУП Ақтөбе құрылғаннан бері өңірдегі теміржол инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстары кезең-кезеңімен жүргізіліп келеді. 2021-2025 жылдар аралығында жалпы ұзындығы 4800 шақырымды құрайтын жолдың 1094,4 шақырымына күрделі жөндеу жасалған. Бұл – 22,8 пайыз.

Ақтөбедегі Пойыздар қозғалысын басқару орталығының басшысы Дархан Құланбаевтың мәліметінше, 2021 жылы 154,2 шақырым жол жөнделсе, 2022 жылы бұл көрсеткіш 235,1 шақырымға жетті. 2023 жылы ең жоғары нәтиже тіркеліп, 271,9 шақырым жаңартылды. 2024 жылы 229,5 шақырым, ал 2025 жылы 203,7 шақырым жол күрделі жөндеуден өтті.

– Жыл сайын 200 шақырымнан астам жолды жаңарту өндірістік қуаттың тұрақтылығын көрсетеді. Биылғы жоспар 202 шақырым, негізгі жұмыстар НЖС-10 (83,5 км), НЖС-11 (57 км), НЖС-13 (29,7 км) және НЖС-14 (32,2 км) бағыттарында атқарылады, – деді Дархан Құланбаев.

Нақтылап айтсақ, күрделі жөндеу жұмыстары Қызылорда, Ақтөбе және Маңғыстау бөлімшелерін қамтиды. Оның ішінде Төретам – Дерментөбе, Байқожа – Еңбекшіқазақ, Анақол – Қызылтам, Никельтау – Жазық, 312-313 разъезд аралығы секілді телімдер жаңартылады.

Жиында мердігерлерге де сөз беріліп, белгілі бір талап қойылды. Әр сәтті маңыздылығы, жөндеу жұмыстарын қозғалысқа кедергі келтірмей атқарудың маңыздылығы түсіндірілді. Диспетчерлерден ұсыныс тыңдалды. 2025 жылы күрделі жөндеу үшін 204 негізгі және 1203 қосымша «толассез» берілген. Бұл – қозғалыс кестесіне уақытша өзгеріс енгізу арқылы жол жөндеу жүргізілетін өндірістік уақыт аралығы. Ең көп «толассез» ЖТ-11 бөлімшесіне тиесілі – 69.

2025 жылғы күрделі жөндеу жұмыстарына ПМС Ақтөбе, ПЧМ Ағадыр және InComKz ұйымдары тартылған. Барлығы жоспарланған көлемді 100 пайыз орындаған. Сонымен қатар күшейтілген орташа жөндеу бойынша жоспар 30,1 шақырым болса, нақты 38,2 шақырым жол жаңартылған.

Орталық басшысының орынбасары Мағауия Оразқұловтың айтуынша, өндірістік көрсеткіште өсім бар. 2025 жылдың қорытындысы бойынша 10 негізгі эксплу-

тациялық көрсеткіш толық орындалған. Жүк айналымы – 104,7 пайыз, жүк тиеу – 105,5 пайыз, локомотив өнімділігі 100,9 пайыз деңгейінде.

– 2026 жылдың қаңтар айында да сегіз негізгі көрсеткіш жоспардан жоғары нәтиже көрсетті. Әсіресе жергілікті вагон айналымы 107,3 пайызға жетіп отыр. Жүйелі жаңғырту жалғасады. Соңғы бес жылда атқарылған жұмыс теміржол желісінің техникалық жағдайын жақсартуға мүмкіндік бергенін көрдік. Инфрақұрылымды жаңғырту – уақыт талабы. Алдағы жылдары қалған учаскелерді де кезең-кезеңімен жаңарту жұмыстары жалғасады, – деді Мағауия Оразқұлов.

Теміржол инфрақұрылымын жаңғырту – өңірдің транзиттік әлеуетін арттырып, жүк тасымалының қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз етудің басты шарты. Сондықтан жұмыстар жүйелі түрде жалғасын табатын болады.

Айта кетейік, Пойыздар қозғалысын басқару орталығы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның цифрлық трансформация аясындағы негізгі жобалардың бірі. Ол Бағыс өңірдегі бес бөлімшенің – Ақтөбе, Атырау, Маңғыстау, Орал және Қызылорда диспетчерлік орталықтарын біріктірілді.

*Суретті түсірген автор*

## ЭКСПОРТ ӘЛЕУЕТІ АРТҚАН



**Шығыс өңірі – Орта Азия мен Еуропа елдеріне, Қытайға теміржол тасымалы арқылы тауар экспорттаушы аймақ. Әсіресе соңғы екі жылда бұл бағыттағы жұмыстар ширатыла түскен. Оған басты себеп – аймақтағы көптеген тың аграрлық жобаларға мемлекеттің қолдау көрсетуі. Нәтижесінде бүгінде теміржол арқылы экспорттық жүк тасымалы да біршама артып отыр.**

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Жалпы, өткен жылдың қорытындысы бойынша Семей филиалындағы жүк айналымы біршама өсті. Тиеу көлемі көзделген меже 16 070,0 мың тоннадан асты. Бұл көрсеткіштер облыс көлеміндегі жаңадан ашылған кәсіпорындардың есебінен артып отыр. Осы ретте тасымал бағыттары алдағы уақыттарда да кеңейе түспек. Оған себеп, жаңадан ашылған бұршақты дөңді дақылдар мен өсімдік майын терең өңдейтін «Agrolider KAZ» ЖШС, «Qazaq-Astyq Group» ЖШС сынды іргелі өндіріс орындары жүк тасымалы үшін түйік желілерді жандандырған. Бұл өндіріс ошақтарына кластан тыс Семей станциясы қызмет көрсетеді. Тиелген өнімдер Шығыс Еуропа елдеріне, Қытайға және Орта Азия мемлекеттеріне экспортталады.

Оған қоса, биылғы жылы



«Eurasia Agro Semey» ЖШС бадасындағы ірі ет өңдеу зауыты іске қосылса болса, тораптық Жаңа-Семей станциясы арқылы жүк тиеу жұмыстарының өсетіні болжануда.

Жалпы, бөлімшедегі Семей, Жаңа-Семей, Шар, Белағаш, Аяғез станцияларынан астық, жәрма, өсімдік майы, көптеген дөңді дақылдар түрлері мен өзге де азық-түлік өнімдері тиеледі. Өткен жылы мұндай жүктерді тиеу көрсеткіші алдыңғы жылдың

бөлімі мамандарының сөзіне сүйенсек, аймақтың инвестициялық тартымдылығы, жаңа технологиямен, заманауи стандарттармен жабдықталған ірі өндіріс ошақтарының көптеп ашылуы теміржол бойынша тасымалдың артуына себеп болуда. Осыған дейін контейнерлік пойыздар арқылы көбінесе тек шикізат өнімдері ғана тасымалданса, қазіргі күні дайын өнім түрлерін тиеу көбейген. Бұл экспорттық әлеуетті кеңейтуге ықпал етуде. Қазіргі күні жүк тасымалын ұйымдастырудағы айлық тоқсандық және жылдық жоспарлар аясында жүктерді тиеу мен жеткізуді оңтайландыру және үйлестіру жұмыстары күшейтілген.

Осылайша, қазіргі таңдағы семейлік теміржолшылар алдындағы басты міндет – салалық қызметтегі жұмыстардың қарқынын сақтап қана қоймай, өндіріс пен жүк айналымындағы тиімділікті арттыра түсу болып отыр.

*Суретті түсірген автор*

## ШЕБЕРЛІК ШЫҢДАУ АЛАҢЫНА АЙНАЛДЫ



**Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Шиелі өрт сөндіру пойызында ұйымдастырылған өрт-тактикалық оқу-жаттығу барысында жеке құрамның кәсіби шеберлігі мен жедел әрекет ету деңгейі сынға түсті.**

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,  
Қызылорда

Жаттығу төтенше жағдайлардың алдын алуға және теміржол қауіпсіздігін күшейтуге бағытталды. Кезекті өрт-тактикалық оқу-жаттығу жоғары деңгейде ұйымдастырылып, өткізілді. Теміржол саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бұл шара төтенше жағдайлардың алдын алу, күштер мен құралдардың өзара іс-қимылын жетілдіру және жеке құрамның кәсіби даярлығын арттыру мақсатында жоспарлы түрде жүзеге асырылды. Қызылорда магистральдық желі

бөлімшесіне қарасты мекемелердің жауапты басшылары мен аудандық азаматтық қорғау және төтенше жағдайлар мекемелерінің өкілдері оқу-жаттығуға бақылау жасады.

Шиелі станциясының жұп парк аумағында орналасқан өрт сөндіру пойызымен бірлескен оқу-жаттығу барысында теміржолшылар мен төтенше жағдайлар қызметінің мамандары күштер мен құралдарды жедел жұмылдыру, апат орнына қысқа уақытта жету, өртті оқшаулау



және зардаптарды жою тәртібін пысықтады. Шара барысында шартты төтенше жағдай сценарийі бойынша жедел әрекет ету, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау, бөлімшелер арасындағы үйлесімді іс-қимыл деңгейі жан-

жақты тексерілді. Оқу-жаттығу тек формалды іс-шара емес, нақты қауіп-қатерге қарсы тұру қабілетін шындейтін тәжірибелік алаң екені тағы бір мәрте дәлелденіп, шартты түрде отқа орна бастаған вагон-цистерна-

дан шыққан жалын әп-сәтте ақ көбікке оранып, тұншықтырылды. Шиелі өрт сөндіру пойызының бастығы Ғалымжан Болғанбаевтың айтуынша, кез келген төтенше жағдайдың алдын алуға ең басты құрал – дайындық пен тәртіп.

– Өртке қатысты күштер мен құрылымдардың өзара іс-қимылын жетілдіру, қызметкерлердің кәсіби даярлығын арттыру – біздің басты міндетіміз. Осындай оқу-жаттығулар арқылы біз әр маманның шеберлігін шындап, ұжымдық жауапкершілікті нығайтамыз, – деді өрт сөндіру пойызының бастығы.

Жаттығу барысында өрт сөндірушілер Досхан Жанайдарұлы мен Таңат Әден, газ түтінін қорғау қызметінің шеберлері Ғалымжан Ахметов, Сейділдә Жылқайдаров, Нұрғали Дауренбеков өзара көмек пен кәсіби үйлесімділіктің үлгісін көрсетті. Олар әріптестеріне қолдау білдіре отырып, тапсырмаларды нақты әрі уақытты орындап көзге түсті.

Бөлімше басшылары Болат Жұмасейітов пен Самат Оңал бекітілген міндеттердің сапалы

әрі дер кезінде орындалуын ұйымдастырып, басқарушылық шеберліктерін көрсетті. Ал көлік жүргізушілері Ахмет Шайхымбеков пен Нұрбек Өтегенов техникалардың жоғары дайындық деңгейін қамтамасыз етіп, жеке құрамды белгіленген нүктеге жедел жеткізу арқылы өздеріне жүктелген жауапкершілікті абыроймен атқарды.

Қысқасы, оқу-жаттығу барысында барлық қызметтер жоғары ұйымшылдық пен қалыптасқан тәртіптің үлгісін көрсетті. Бұл – кездейсоқ жетістік емес, жүйелі дайындық пен кәсіби жауапкершіліктің нәтижесі. Теміржол саласында қауіпсіздік – ең басты құндылық. Сондықтан мұндай жаттығуларға бейжай қарау мүмкін емес. Әрбір оқу-жаттығу – шеберлікті шыңдаудың, өз ісіне адалдықты дәлелдеудің, кез келген қауіпке дайын болудың нақты мектебі.

Пойыз бастығы Ғалымжан Болғанбаев ұжымның кез келген төтенше жағдайға әрдайым дайын екенін атап өтті.

*Суретті түсірген автор*

## ЭТАП УСТОЙЧИВОГО РОСТА



ИТОГИ

**АО «KTZ Express» подвело итоги операционной и инвестиционной деятельности за 2025 год. Год стал для компании этапом устойчивого роста, расширения географии перевозок, запуска новых логистических сервисов и реализации стратегических инфраструктурных и цифровых проектов, направленных на укрепление транзитного потенциала Республики Казахстан.**

**Жаныбек КЕНЕС,**  
Астана

В 2025 году усилены позиции на ключевых международных направлениях. Объем перевозок по МТК Север – Юг увеличился в три раза, по маршруту КНР – Казахстан – Туркменистан – Иран – в четыре раза. Экспортные контейнерные перевозки выросли на 43%, импортные – в три раза. В рамках Транскаспийского международного транспортного маршрута (ТМТМ) экспорт увеличился на 71%, транзит – на 15%.

По итогам года доля KTZ Express в транзитных контейнерных перевозках по территории Казахстана составила 36%. Компания заняла лидирующие позиции по ключевым стратегическим направлениям: 100% перевозок в рамках ТМТМ, 100% по направлению Китай – Иран – Китай, 83% по маршруту Китай – Беларусь – Китай, 68% по направлению Китай – Центральная Азия – Китай.

Контейнерные потоки характеризовались устойчивостью и соблюдением заявленных сроков доставки, что обеспечило рост предсказуемости и конкурентоспособности сервисов. По направлениям ТМТМ сроки доставки в среднем сокращены на 2-3 дня к уровню 2024 года. Перевозки из Сяня обеспечиваются за 10-12 дней в Баку, за 15-18 – в Потти, за 20-22 дня – в Стамбул, за 22-24 – в Будапешт.

В течение года компания запустила новые контейнерные, мультимодальные и

комплексные сервисы: впервые организован контейнерный маршрут Китай – Афганистан совместно с China Railway Container Transport Co., Ltd, расширена география экспортных поставок за счет предоставления полного комплекса логистических услуг по направлению Казахстан – США, включая первую мило, страхование, контейнерное обеспечение и предварительное декларирование; запущены сервисы Чэнду – Лодзь из провинции Шаньси в Азербайджан в рамках ТМТМ, организованы регулярные перевозки Турция – Кавказ – Центральная Азия, международный сервис «от двери до двери» Казахстан – Бельгия, и другие.

В 2025 году KTZ Express продолжила реализацию ключевых инфраструктурных и стратегических проектов, включая завершение строительства первой очереди Контейнерного хаба на базе порта Актау, введенной в опытно-промышленную эксплуатацию 25 декабря 2025 года с мощностью 140 тысяч ДФЭ, ввод в эксплуатацию десяти сортировочных путей в Сухом порту Khorgos Gateway, что позволило нарастить мощность перевалки до 800 тысяч ДФЭ в год, создание национального грузового авиаперевозчика АО «KTZ Air Cargo» с целью укрепления позиций Казахстана как ключевого транзитного хаба Евразии и диверсификации транспортных маршрутов, запуск коммерческой деятельности частной компании Gulfink, учрежденной совместно с AD Ports Group.

Значительное внимание в прошлом году было уделено цифровой трансформации и совершенствованию платформы «Единое цифровое окно»: расширен функционал платформы: переведены в цифровой формат договоры транзита, обеспечена цифровая выдача примыканий, внедрено предоставление электронных накладных и информационных услуг на базе ЕКИОДВ, организован онлайн-доступ к услугам Центра транспортного сервиса, реализована цифровизация процессов судозахода и перевалки грузов в Актауском морском торговом порту, а также оцифрованы услуги порта Курык, реализована интеграция с системой Control Tower (Азербайджанские железные дороги) с целью передачи данных о дислокации грузов, что повысило прозрачность транзита и оперативность мониторинга, в партнерстве с Грузинскими железными дорогами внедрен обмен данными предварительного информирования для таможенных процедур, способствующий сокращению сроков обработки. Аналогичный обмен реализован с Xian Free Trade Port Group и платформой Yiwu в КНР.

Международное сотрудничество в 2025 году развивалось в партнерстве с ведущими транспортно-логистическими компаниями и операторами из Китая, Франции, Австрии, Турции, Венгрии, Пакистана и Эстонии. Взаимодействие направлено на развитие мультимодальных маршрутов, расширение терминальной инфраструктуры, внедрение цифровых решений и повышение эффективности транзитных перевозок через территорию Казахстана.

